



**«Сәулеттік жобалау» пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «07310100 - Сәулет» мамандығы, 3W07310101 - **Графикалық жұмыстарды орындаушы**, 4S07310102 - **Техник-жобалаушы** біліктіліктеріне арналған «Сәулеттік жобалау» пәні бойынша педагог қызметкерлерді аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Сәулеттік графика негіздері	01	Сәулеттік сызбаларды графикалық рәсімдеу, анықтамалары мен тұжырымдамалары.
02	Сәулет-құрылыс сызбалары жайлы жалпы мәлімет	02	Сәулет-құрылыс сызбаларының түрлері (жоспарлар, тіліктер, қасбеттер). Ғимараттардың құрылымдық элементтері мен бөлшектері, координация өстері, үйлестіруі, өлшемдері, масштабтары. (анықтамалары мен тұжырымдамалары).
03	Аз қабатты және көп қабатты тұрғын үйлер	03	Тұрғын үйлердің жіктелуі және сипаттамасы (анықтамалары мен тұжырымдамалары).
04	Аз қабатты және көп қабатты тұрғын үйлер құрылымдары	04	Аз қабатты және көп қабатты тұрғын үйлердің құрылымдық сұлбалары және сәулеттік-құрылымдық элементтері мен бөлшектері
		05	Аз қабатты және көп қабатты тұрғын үйлерге құрылыс нормалары бойынша қойылатын талаптар, жобалау нормалары.
		06	Аз қабатты және көп қабатты тұрғын үйлер үшін көлемдік-жоспарлық шешімдері (анықтамалары мен тұжырымдамалары)
05	Қоғамдық ғимараттар	07	Қоғамдық ғимараттардың көлемдік-жоспарлық құрылымы, сипаттамасы және жіктелуі (анықтамалары мен тұжырымдамалары)

06	<b>Қоғамдық ғимараттардың құрылымдары</b>	08	Қоғамдық ғимараттардың құрылымдық сұлбалары және сәулеттік-құрылымдық элементтері мен бөлшектері. Құрылыс нормалары бойынша қоғамдық ғимараттарға қойылатын талаптар, жобалау нормалары.
Контекстік тапсырмалар (мәтін, кестелер, графика, статистикалық мәліметтер, сурет және т.б.).			

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

1. Сәулеттік сызбаларды графикалық рәсімдеу, анықтамалары мен тұжырымдамалары. Сәулеттік графика негіздері. Сәулеттік сызбаларды, ұғымдар мен анықтамаларды графикалық рәсімдеу. Ортогональды проекциялардағы сәулеттік сызбалар. Құрылымдық бөлшектер, байланыстыру, өлшемдер, масштаб, ұғымдар мен анықтамалар.
2. Аз қабатты және көп қабатты тұрғын үйлер, тұрғын ғимараттардың жіктелуі, аз қабатты және көп қабатты тұрғын үйлердің құрылымдары мен сәулеттік-құрылымдық элементтері, тұрғын ғимараттардың көлемдік-жоспарлау шешімі, құрылымдық элементтер. ҚНЖЕ бойынша тұрғын үйлерге қойылатын жобалау нормалары.
3. Қоғамдық ғимараттар. Қоғамдық ғимараттардың жіктелуі. Қоғамдық ғимараттардың көлемдік-жоспарлау құрылымы. Қоғамдық ғимараттардың конструкциялары мен құрылымдық элементтері, ҚНЖЕ сәйкес қоғамдық ғимараттарға қойылатын жобалау нормалары.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмасын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа -2-2,5 минут.

**8. Бағалау:** Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.



#### 9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Ю.И. Короев «Черчение для строителей», Москва, «КНОРУС», 2012г.
2. О.В. Георгиевский «Правила выполнения архитектурно-строительных чертежей», Москва, Астрель, 2007г.
3. Тосунова М.Н. «Архитектурное проектирование». Москва. Издательский центр «Академия», 2009г.

4. Турашев А. С., Азаматтық ғимараттардың құрылыстық-сәулеттік конструкциялары, – Алматы: «Дәуір», 2012.
  5. Гельфонд А.Л. «Архитектурное проектирование общественных зданий и сооружений», Москва, Издательство «Архитектура-С», 2007г.
  6. Б.М. Аубакирова, А.Т. Нурмаганбетова, Ғимараттардың сәулеттік-құрылымдық элементтері, Алматы 2019
  7. Разақов Н., Азаматтық ғимараттарды жобалаудың оқу құралы, Астана – 2013
  8. ҚР ҚНЖе 3.02.-43-2007.
  9. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер ҚР Құрылыс нормалары 3.02.-01-2018, Көппәтерлі тұрғын ғимараттар
  10. ҚР ЕЖ 3.02-107-2014
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесі.
11. Старченко О.Ю., Гулин Д.В., Құрғақ құрылыстың жиынтықтық жүйелері, оқу құралы.-Киев, 2005ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Техникалық және кәсіптік  
білім департаменті

  
(Қолы)  
  
(Т.А.Ә)

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023ж.

